

# МУРАТБАЕВ NEWS



**Ұстаздар  
мерекесі  
құтты  
болсын!**

## **"Өнерге қанат қакқандар" кино кастинг**

Гимназиямызда 5-7 сынып оқушылары арасында кино кастинг өтті.

Жалпы 22 оқушы бағын сынады.

Кастинг екі кезеңнен тұрды:

1. Өзін-өзі таныстыру.
2. Бір шығармадан үзінді орындап беру.

Кастинг қорытындысы бойынша:

Есжан Айым, Сапар Иманғали, Мейрхан Нұрсәт өтіп, іріктелініп алынды.

Құттықтаймыз!!!

# ТАБЫСТЫ МЕКТЕПТІҢ КӨШБАСШЫ ҰСТАЗДАРЫ

Мұғалімдер күні мерекесіне орай Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының ұстаздары жас ұрпаққа сапалы білім, өнегелі тәрбие берудегі көп жылдық еңбектері мен шығармашылық жетістіктері үшін марапатталды.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Серкебекова Эльвира Мейрамбекқызы Байзақ ауданының білім бөлімінің Құрмет грамотасымен.

Математика пәні мұғалімі Садуақасова Құлпынай Мұхаметжанқызы Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Әріптестерімізге кәсіби кемелдену мен шығармашылық шабыт тілейміз.





# “ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ” ФОРУМ

25 қазан-Республика күніне орай «Ұланымыз ұлы елдің» тақырыбында республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау форумы өтті. Форум ҚР Мемлекеттік Гимнімен басталып, жасұландықтардың мерекелік бағдарламасымен жалғасын тапты. «Жас Ұлан» ұйымына 20 оқушы, «Жас Қыран» ұйымына 15 оқушы қабылданып, салтанатты түрде ант қабылдады. Форумының құрметті қонақтары оқушыларға, алдағы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі.



# ЦИФРЛЫ КЕҢІСТІК ҚҰРУ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

22 қазан күні эксперимент алаңының ғылыми жетекшісі Тараз педагогикалық университеті, "Физика және IT" кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты Тасуов Болат Тасуовичпен кездесу өтті. Болат Тасуович мұғалімдерге цифрлы мектепке көшудегі мұғалімдердің рөлі, сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың маңыздылығы туралы айтып өтті. Алдағы уақыттағы эксперимент алаңының жоспарларымен таныстырып өтті.





# ЗЕРДЕЛІ ҰСТАЗ – 2023

Ұстаздар арасында бастау алған, «Зерделі ұстаз - 2023» атты педагогикалық-зияткерлік ойыны мереке қарсаңына қарай өз мәресіне жетті. Іріктеу кезеңдерінен өткен 4 бірлестік (қазақ тілі, тарих, жаратылыстану, математика және информатика) өздерінің жан-жақты талантты ұстаз екендіктерін көрсете білді. Осындай талантты ұстаздарымыздан, дарынды оқушылар шығатынына кәміл сенеміз! Әр іріктеу кезеңдері бойынша, өздерінің танымдық қабілеттерінің ерекшелігімен

Жаратылыстану бірлестігі – Бас жүлде  
Математика және информатика бірлестігі - I орын  
Қазақ тілі бірлестігі – II орын  
Тарих бірлестігі – III орынға ие болды.

Педагог-ұйымдастырушылары мен мектептің кәсіподақ комитетінің бірлесе ұйымдастыруымен 4 бірлестік бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,  
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,  
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,  
Азбайтұғын адамның алтындығы – деп ақын Ғ. Қайырбеков жырлағандай, өскелең ұрпақ бойына жақсы қасиеттерді дарытып, білім нәрімен сусындатып, адамгершілік рухта бағыт — бағдар беруде ұстаздардың еңбегі зор!



# АТА-АНАНЫҢ ТӘРБИЕСІ – БАЛА МІНЕЗІНІҢ ІРГЕТАСЫ

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында “АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ” орталығының ұйымдастыруымен іс-шаралар өтті. Мақсаты ата-аналар мен балалардың арасында отбасы құндылығы, рухани-адамгершілік қарым-қатынас қасиеттерін кеңейте отырып, оқушылардың бойында жанұяға деген ыстық ықылас, өзара сыйластық туралы түсінік қалыптастыру. Іс-шараны гимназия психологтары 6 сынып оқушылары және ата-аналарына “Жүрек жылуы” тақырыбында өткізілген тренингпен ашып берді. Одан әрі сынып жетекшілері “Баланың бас ұстазы ата-ана” тақырыбында тәрбие сағаттарын өтті. “Спорт-денсаулық кепілі” деп ұрандатып сайысқа қатысқан ата-аналар өздерінің шапшаңдықтарын дәлелдеп, жүлделі орындарға ие болды. “Оқуға құштар отбасы” тақырыбында өткен іс-шараға ата-аналар балаларымен бірлесе оқыған кітаптарын талдап, оқудың маңызы туралы ойларын ортаға салды.

[#центрыпедагогическойподдержки](#)



# “ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫН” БІРІНҒАЙ СЫНЫП САҒАТТАРЫ

25 қазан - Республика күніне 1-11 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттары жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқып және мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту мен ата - бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.



# ТАБЫСТЫ МЕКТЕПТІҢ КӨШБАСШЫ ҰСТАЗДАРЫ

Мұғалімдер күні мерекесіне орай Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының ұстаздары жас ұрпаққа сапалы білім, өнегелі тәрбие берудегі көп жылдық еңбектері мен шығармашылық жетістіктері үшін марапатталды. Математика пәні мұғалімі Примкулова Гауһар Секеновна Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасымен, информатика пәні мұғалімі Кульбаева Дана Торбековна Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Құрмет грамотасымен, Кравчук Евгений Анатольевич Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының Құрмет грамотасымен, гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сатенов Канат Нуралиевич Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының Құрмет грамотасымен, гимназия директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Рамазанов Сергей Нариманович Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды. Әріптестерімізге кәсіби кемелдену мен шығармашылық шабыт тілейміз.



# «PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» МЕКТЕПШІЛІК СЕМИНАРЫ.

PISA зерттеуі 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған академиялық білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда пайдалану және табысты әлеуметтану біліктерін анықтауға бағытталған. Қазан-қараша айларында өтетін «Мектептерге арналған PISA» зерттеуіне мектеп бойынша 127 білім алушы қатысады. Осыған байланысты мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен тестілеуге дайындық жұмыстарының мазмұнын жетілдіру, зерттеу тапсырмаларын орындаудың тиімді жолдарын анықтау, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында «PISA халықаралық зерттеуі тапсырмаларының ерекшеліктері» тақырыбында мектепшілік семинар өтті. Семинарға қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша математика және жаратылыстану пәні мұғалімдері қатысты. Семинар барысында қазақ тілі пәні мұғалімі Г.Е.Жумагулова, математика пәні мұғалімі Б.К.Усенова, жаратылыстану пәні мұғалімдері М.Рахметқұлқызы, Ж.П.Жумалиева зерттеу тапсырмаларының құрылымы мен ерекшеліктерін атап өтіп, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

# ТАБЫСТЫ МЕКТЕПТІҢ КӨШБАСШЫ ҰСТАЗДАРЫ



Мұғалімдер күні мерекесіне орай Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Салимова Азиза Азизовна «Бір мектепке арналған ғұмыр» номинациясы бойынша марапатталды.

Салимова Азиза Азизовна 38 жыл саналы ғұмырын педагогикалық қызметке арнап, Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында шәкірт тәрбиелеп келеді. Азиза Азизовнаның тәрбиелеген шәкірттері аудан, облыс, республика көлемінде топ жарып, байқаулардан жүлделі орындарды иеленіп жүр. Азиза Азизовнаны марапатымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!




# «ПАТРИОТИЗМ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АСҚАҚ БЕЛГІСІ»

Республика күнін мерекелеу қарсаңында әскери-патриоттық бағытта түрлі іс-шаралар өтуде. Іс-шаралар “Ашық есік” күні және “Ерлік сабақтары” мен жалғасты. Кездесуге 40336 әскери бөлімшесінің психологы кіші сержант Тортугулова Алия Берикболқызы, лейтенант Бейбіт Мади Бақытжанұлы оқушылармен

Мектептің акт залында оқушылармен лекция-әңгіме жүргізді. Қонақтар әскери борышын өтеуден қорықпау керектігін, әскери адам ең алдымен өз отбасының қорғаушысы екенін, әскерде алған дағдының өмірде септігін тигізетінін айтты.

Бүгінгі күні балалардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыратынын жеткізді.



# “КІТАП ОҚЫП, ЖЕҢІМПАЗ АТАН!” МЕКТЕПІШІЛІК КІТАП ОҚУ БАЙҚАУЫ

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқып, жеңімпаз атан!» мектепішілік байқауына қатысып, сыйлыққа ие бол!

Байқаудың мақсаты: Үздік көркем әдебиет туындылары арқылы оқушылардың танымын кеңейтіп, ой өрісін дамыту.

Қатысатын оқушылар: бастауыш буын (3-4 сынып оқушылары) 10 кітап, орта буын (5-7 сынып оқушылары) 10 кітап, жоғарғы буын (8-11 сынып оқушылары) 10-дан кем емес кітапты оқуға міндеттеледі.

Байқаудың өткізілу мерзімі: 2023 жылдың 20 қазан – 2024 жылдың 15 наурыз аралығында жүргізіледі.

Қорытынды кезеңінде байқаудың ең белсенді оқушылары (бас жүлде, 1,2,3 орындармен) марапатталады.

Жүлде қоры:

Бас жүлде – велосипед.

1 орын – скейтбордтар, роликтер, самокаттар.

2 орын – рюкзактар.

3 орын – оқуға қажетті құралдар.

Байқау шарттары:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша берілген көркем шығармаларды оқып, талдау;

2. Оқыған шығармалар желісінде таныстырылым жасау;

3. Әр оқыған кітаптар бойынша аннотация жазу.

# «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Том бүгін, шынында да, мектепке бармады және уақытты сондай көңілді өткізді. Олар кешке дейін негрдің баласы Джиммиге ертең отынға ағаш кесуге, оны жаруға көмектесу үшін және дәлірек айтқанда Джимми жұмыстың үштен бірін бітіргенше оған өзінің бастан кешкен уақиғаларын айту үшін үйге әрең үлгеріп оралды. Томның інісі Сид (ол бірге туған емес — шешесі бөлек) өзіне тапсырған жұмыстың бәрін (жарылған ағаштарды жинап сарайға кіргізу) бітірген еді, өйткені ол қой аузынан шөп алмас жуас: сотқарлығы жоқ, қолайсыз қылығымен үлкендерді мазаламайды.

Том қолайлы сәтті пайдаланып, бір кесек қантты жымқыру үшін кешкі тамағын асығып-үсігіп ішіп болғанша, Полли апай оны өзінің сөз қақпанына түсірсем шынын айтар деп оған әртүрлі сұрақтар қойды.

Барлық қарапайым ақкөңіл адамдар секілді Полли апай өзін тіл тапқыш кісімін деп есептейтін және өзінің аңғал ойларынан ғажайып қорытынды шығады деп ойлайтын.



Марк Твен «Том Сойердің басынан кешкендері»